

АЛҒЫ СӨЗ

Студентке

Біздің берген дәрісіміздің қай-қайсысы болсын зерттеу әдістерінен маңызды емес. Әдіснама – әлеуметтік ғылымдардың өзегі; ол әлеуметтік ғылымдарды журналистика мен қоғамдық пікірден, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарынан ерекшелеп тұрады. Әлеуметтік зерттеу әдістерін терең түсіну әлеуметтану мен осы салаға қатысты пәндер жөнінде, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдардың немен айналысатынын түсінуге сеп болады. Аталған кітап сізге ұғынықты болуы үшін әлеуметтік ғылымдар саласын жан-жақты қамтыған ғылыми зерттеу жұмыстарын да ұсынып отырмыз.

Әлеуметтік зерттеу туралы білім әлеуметтік ғылымдар туралы түсінігіңізді кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар күнделікті өмірде шешім қабылдау үшін де аса қажет. Әлеуметтік ғылыми әдістер мен зерттеу нәтижелері бізге әрқалай әсер етеді. Мемлекет әлеуметтік бағдарламаларды құрастырып, бағаларда әлеуметтік зерттеуге жүгінеді; кәсіпорындар маркетинг пен менеджмент саласында маңызды шешім қабылдар алдында үнемі тұтыну зерттеулеріне сүйенеді; бұқаралық баспасөз құралдары альтруизмнен бастап халық санының өсімінің тежелуіне дейінгі зерттеу нәтижелерін күнделікті хабарлап отырады. Қолыңыздағы кітаптың мақсатының бірі – сізге әлеуметтік зерттеуді тиімді бағалай алуыңыз үшін қажет зерттеу қисынын және оның осал тұстарын түсінуге көмектесу.

Сондай-ақ әлеуметтік зерттеу әдістерін үйрену сыни ойлау дағдыңызды жетілдіріп қана қоймай, саналы түрде ақпарат жинауыңызға жол ашады. Әлеуметтік зерттеу кез келген адамның жиі және тиімді жасайтын іс-әрекеттері мен ойлау тәсілдерінен тұрады. Оқырманның дені әлеуметтанушы емес екенін ескере отырып, әлеуметтік зерттеудің қаншалықты кең ауқымда қолданылатынын көрсету үшін тақырыптардың басым бөлігін күнделікті таныс мәселелер мен тұжырымдар төңірегінде құрдық.

Кітап төрт бөлімнен тұрады. I бөлімде әлеуметтік зерттеудің ғылыми негізі (2-тарау) мен одан туындайтын этикалық мәселелер (3-тарау) туралы баяндаймыз. Кітаптың құрылымы зерттеу жүргізу барысына сай құрастырылған. II бөлімде әлеуметтік зерттеудің негізгі терминологиясымен

таныс боласыз (4-тарау), одан кейін зерттеуді жоспарлау мен дизайнын жасау барысында ескеретін басты екі фактор – өлшеу (5-тарау) мен іріктеуге (6-тарау) тоқталамыз. Дерек жинау туралы III бөлімде әлеуметтік зерттеудегі басты төрт тәсіл – эксперимент, сауалнама, далалық зерттеу мен қолда бар деректерді қалай пайдалану керегін қарастырамыз. Аталған бөлімнің негізгі төрт тарауында (7, 9, 11 және 12-тараулар) зерттеуді әртүрлі тәсілмен жүргізу процесінің ерекшеліктері сипатталса, екі тарауында (8 және 10-тараулар) эксперимент пен сауалнаманың техникалық сипаттары сөз болады; ал қалған екі тарауында зерттеу әдістері мен тәсілдерін қатар қолдану (13-тарау) және зерттеу әдістерін әлеуметтік бағдарламалар мен интервенцияларды бағалауға қолдану (14-тарау) стратегиялары жөнінде айтатын боламыз. IV бөлімде зерттеудің интерпретация кезеңіне кеңінен тоқталамыз. Бұл бөлімде деректерді өңдеу мен қарапайым деректерді талдауды (15-тарау) және жетілдірілген мультивариатив талдау (16-тарау) мен зерттеу есебін жазуды (17-тарау) пысықтайтын боламыз.

Қолыңыздағы кітаптың бірқатар ерекшеліктері бар. Мәтіндегі тірек сөздер алғашқыда қалың қаріппен жазылып, әр тараудың соңында тізімі беріледі. Мәтінді оқу барысында қандай да бір терминнің мағынасына күмәндансаңыз, кітаптың соңындағы кешенді глоссарийден қарай аласыз. Басты идеялар екі тәсілмен берілген: тірек тұжырымдар мәтіннің сыртында қос сызықпен көрсетілген және әр тарау түйінмен аяқталады. Түсінгеніңізді пысықтап, үйренгеніңізді тәжірибеде қолданып көру үшін әр тарау соңында практикалық тапсырмалар берілген. Мәтінді толықтырып, айшықтай түсетін қосымшалар да бар. Ол қосымшаларда қызықты зерттеу үлгілері көрсетілген, үйрену үшін қажет қосымша көмек берілген және зерттеудің тарихи, әлеуметтік және саяси контексті пысықталған.

Қосымша көмек ретінде білім деңгейлері әртүрлі студенттерге арналған осы оқулықтың веб-сайтын жасадық (www.oup.com/us/singleton-approaches). Сайттан терминдердің глоссарийін таба аласыз. Сондай-ақ әр тарауға қатысты мынадай мәліметтер де бар:

- Оқулықтағы кейбір тапсырмалардың жауабы
- Дұрыс-қате тестілері мен бақылау жұмыстары
- Веб-ресурстардың аннотацияланған тізімі

Оқытушыға

Аталған еңбектің бірнеше ерекшелігі бар. Біріншіден, бұл кітап әлеуметтік зерттеудің нұсқаулығы я эпистемология туралы трактат емес. Сондықтан оқулықта зерттеу әдістерін «қолданудың жолдары» (зерттеу жүргізуге ақпарат беру) мен «тиісті машықтар» (оқыған мәтінді дербес талдау машығы мен зерттеуді бағалауды үйрету) арасында тепе-теңдікті сақтауға тырыстық. Әр тараудың соңындағы тапсырмалар осы екі

мақсатта құрастырылған. Кей тапсырмада студент зерттеу жүргізуі керек болса, енді бір тапсырмада эмпирикалық зерттеу мақаласын оқып, дербес ой түюге тиіс.

Екіншіден, бұл кітапта әлеуметтік зерттеу аудиториясы кең екенін мойындай отырып, әлеуметтану, әлеуметтік психология, коммуникация, демография, тарих, білім беру мен саясаттану саласындағы ондаған зерттеу жұмыстарына талдау жасадық. Классикаға айналған зерттеу жұмыстары мен бертінде ғана жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы жаздық; мұның барлығы – студенттің қызығушылығын арттыру үшін мұқият жасалған іс.

Үшіншіден, қазіргі әлеуметтануды ғылым ретінде қарастыратын таяуда жарық көрген оқулықтардағы постмодернистік сыни көзқарастарды бұл еңбекке енгізбедік. 2-тарауда ХХ ғасырдың соңында «сапалық зерттеудің» қанат жайғаны жөнінде және оның әлеуметтану ғылымдарындағы зерттеудің табиғи ғылыми моделіне төндіретін қаупі хақында әңгімеледік. Басқа тарауда сапалық және сандық әдістерге жеке тоқталмадық. Әлеуметтік зерттеулерді түсінуге жетелейтін, эпистемологиялық негізден жасалатын және сенімділік, жарамдылық пен жалпылау тұрғысындағы әдіснамалық мәселелерге көңіл бөлдік. Зерттеу әдістеріндегі негізгі айырмашылық жалпы зерттеу стратегияларында жатыр. Сондықтан бұл кітапта әлеуметтік зерттеудегі негізгі төрт тәсілге (эксперимент, сауалнама зерттеуі, далалық зерттеу және қолда бар деректі пайдалану) назар аудардық. Әр тәсілдің артықшылығы мен кемшілігін атап көрсетіп, тәсілдерді бірін-бірі ығыстырып тастайтындай емес, қайта толықтыра түсетіндей жолмен талдап, көптік әдіс стратегиясын қолдайтынымызды анық көрсеттік.

Әлеуметтік зерттеу жүргізудің жалпы тәсілдеріне баса мән берудің педагогикалық тұрғыда бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, оқырман әр тәсілдің зерттеу дизайны мен талдауынан дербес дерек жинау әдісі ғана емес, бүкіл зерттеу процесіне ықпал ететін түбегейлі таңдау екеніне көз жеткізеді. Кітаптағы әдістер дизайн мен дерек жинау мәселелерін жеке-жеке қарастырып, зерттеу дизайнындағы белгілі бір мәселелерді нақты тәсілдерге қатысты талқылайды. Мысалы, іріктеу техникаларын сауалнама әдісі ретінде сипаттадық, сондай-ақ өлшемді тек респондент өзі толтыратын анкета элементі ретінде қарастырдық. Алайда өлшем мен іріктеме барлық зерттеуде қарастырылуға тиіс болғандықтан, бұларды әрбір негізгі тәсілге қатысты пысықтап жаздық. Екіншіден, оқырман әр тәсілмен зерттеу жүргізудің бірегей процесін түсініп, зерттеудің логикасы мен қолданысын ұғынады. Кейбір оқулықтарда сауалнама зерттеуінің далалық ұйымдастыру кезеңі ескерілмей, іріктеу не анкета дизайнын талқылаумен шектеліп жатады. Сол сияқты кейбір кітаптар эксперименттің негізгі бөліктері мен кезеңдерін сипаттамай, тек эксперименттік дизайн тұрғысынан шолып өтеді. Негізгі тәсілдерге баса назар аудару оқырманның әлеуметтік зерттеудің тұтастығын тереңірек түсініп, оның күшті және осал тұстарын жақсырақ бағалауына жол ашады деген сенімдеміз.

Зерттеу әдістерін оқыту – күрделі іс. Зерттеудің күрделілігін негіздеу, оқырман зерттеуді пайыммен жүргізуі үшін әдістердің қаншалықты күрделі екенін түсіндіру, зерттеудің жекелеген кезеңдерін ғана емес, барлық кезеңдерінің өзара байланысын түсінуіне жол ашу және ізденіс логикасы мен зерттеу процестерінің тұтас логикасын жоғалтпай, зерттеудің бүгешігесін (мысалы, іріктеме жүргізу мен деректерді кодтаудың) анықтап жазу оңай емес. Зерттеушінің әрекетінің басым бөлігі оның тұтастай зерттеу процесін қаншалықты түсінгеніне сай жүзеге асады, сондықтан зерттеу дизайнының элементтерін қалыптастыру дерек жинау мен талдау жасау құралдарын қаншалықты білетініне байланысты. Яғни зерттеуші деректі өңдеуді жеңілдету үшін анкетаны алдын ала кодтайды, ал көптік талдау үшін сол анкетаға зерттеу пәніне қатысы жоқ элементтерді қосады. Студенттің бүкіл процесті терең түсінуіне көмектесу басты міндетіміз саналады. Мұны әлеуметтік зерттеудің негізгі тәсілдеріне назар аудара отырып шешкен жөн деп санаймыз.

Басты төрт тәсілден бөлек, әдістер туралы басқа кітаптардың көбінде кездесетін тақырыптарды шамамен дәл сол ретпен қарастырдық. Студенттерге әлеуметтік зерттеуге ғылыми сипат беретін мән-жайларды көрсетіп, этика мәселелерін талқылап, негізгі терминологияны таныстырған соң, өлшемнің, іріктеменің, дерек жинаудың негізгі әдістері туралы (төрт тәсіл), деректерді талдау мен есеп жазу туралы тараулар қостық. Бұл кітаптың кейбір оқулықтан ерекшелігі – эксперименттік дизайнерға, сауалнаманы претестілеуге және далалық экспериментті ұйымдастыруға, көптік әдіс (триангуляция) пен бағалау зерттеуіне жан-жақты тоқталдық.

Дерек жинау әдістерін төрт тәсіл тұрғысынан қарастырып, квази-эксперименттік зерттеуге жеке тоқталмадық, оны эксперименттік дизайн (8-тарау) мен бағалау зерттеуімен қатар (14-тарау) қарастырдық. Сол сияқты бақылау әдістері туралы далалық зерттеуге тоқталдық (11-тарау), ал тарихи құжаттарды зерттеу мен контент-анализді қолда бар деректі қолданудың жалпы стратегиясымен бірге қарастырдық (12-тарау). Кітапта жиі аталатын материалға қайта-қайта тоқталмас үшін индекс пен шкала құруға толық бір тарауды арнамауды жөн көрдік. Оның орнына шкала құрудың техникалық қырын көптік әдіспен байланыстыра отырып шолу жасадық (13-тарау). Жалпы, қазіргі әдіснаманы өлшем, іріктеме және деректерді талдаудың заманауи статистикалық тәсілдерін толықтыратындай жолмен ұсынуға тырыстық. Сондай-ақ деректерді талдау барысын сипаттағанда статистикалық талдау жасаудан гөрі тұтыну мен түсіну процесіне баса мән бердік.

Кітапты егжей-тегжейлі тарқату үшін жаңа тақырыптар да қосылды, бірақ оларды қалдырып кетсе де, кітаптың мазмұнына еш нұқсан келмес еді. Осы тақырыптардың арқасында оқулықты пайдалану ауқымы кеңейе түсті. Оқытушы бұл тақырыптарды бакалавриаттың төмен не жоғары курсындағы бір немесе екі семестрлік пәнге немесе магистратурадағы

пәнге бейімдей алады. 1-тараудан кейін 2 және 3-тарауларды аттап өтіп, бірден 4-тарауға өтуге болады. Эксперимент жүргізу мен сауалнама зерттеуінің техникалық дизайн мәселелері баяндалған 8 және 10-тараулар да едәуір күрделі. Эксперименттік дизайн логикасын сынағысы келген оқытушы 8-тараудан жарамсыздық көздері мен негізгі, факторлы және квази-эксперименттік дизайн туралы материалдарды таба алады. Сауалнама зерттеуіне мән беріп, студенттерге дерек жинататын оқытушы үшін 10-тарау – таптырмас нұсқаулық, оның үстіне, студенттерді анкета жасап шығаруға дайындауға сауалнама құралының көмегі тиетіні сөзсіз. Бакалавриат курсына арналған тағы бір нұсқа – 8 бен 10-тараулар, бірақ квази-эксперименттік дизайн мен сауалнаманы претестілеуге қатысты техникалық мәлімет берілген бөлімдерге назар аудармауға да болады. Көптік әдістер туралы 13-тарау, бағалау зерттеуі туралы 14-тарау, әсіресе мультивариатив бағалау туралы 16-тарау анағұрлым жетілдірілген. Оқулықты бір семестрге қолданатын оқытушы оқыту барысында күрделі тарауларды толықтай не бір бөлігін өткізіп жіберуіне болады.

Бұдан да көбірек материал іздеген оқытушы *Ancillary Resource Center at arc2.oup-arc.com/* сайтынан Ройс Синглтон даярлаған ресурстарды таба алады. Онда (1) лекция, талқылау мен тапсырма идеялары, (2) уебресурстардың аннотацияланған тізімі (URL-мен), (3) оқулықтағы тапсырмалардың жауабы, (4) әр тарауға арналған тест элементтері берілген. Студент компаньоны уеб-сайтында да тестінің екі түрі бар. Кітапты жақсарту үшін және қажетіңізді табу үшін пікірлер мен ұсыныстарды қабылдаймыз. Біздің электрондық поштамыздың біріне хат жазсаңыз болғаны: rsinglet@holycross.edu немесе straits@soc.ucsb.edu.

Алтыншы басылым

«Әлеуметтік зерттеу әдістері» басылымына алдыңғы басылымдағы тараулар мен педагогикалық тәсілдер енгенмен, оны кітап құнын арттыра түсу үшін тағы біраз өңдедік. Қанша өзгеріс енгенін байқау үшін жетілдірген тұстарымызды санмен көрсетейік. Алтыншы басылымда:

- 184 жаңа сілтеме бар, олардың жарияланған орташа мерзімі – 2007 жыл;
- алдыңғы басылымдағы 75 сілтеме алынып тасталды, олардың жарияланған орташа мерзімі – 1987 жыл;
- 22 жаңа зерттеу мысалын енгіздік, олардың 15-ін алдыңғы басылымдағы ескірген мысалдармен алмастырдық;
- 10 кесте мен 1 сызбаның деректері жаңартылды және
- 11 жаңа кілт сөз қосылды.

Өзгеріс болмашы көрінгенмен, маңызы зор. Мәтіннің түсініктірек болуы, бір ойдан келесі ойға ауысуы жеңіл болуы үшін тараулардың бәрін қайта редакцияладық, ескі мысалдарды алмастырып, орынды жерінде

кейінгі деректерді енгізіп, негізгі дереккөздердің соңғы басылымдарына сілтеме бердік. Бұдан да басқа келелі өзгерістер бар. Үш тарау (3, 11 және 14-тараулар) мұқият қайта қаралды. 3-тарауға Таскиги сифилис зерттеуін пысықтауды қосып, ақпараттандырылған келісім, алдау, құпиялық пен әлеуметтік зерттеудің құндылығы туралы баяндауды жан-жақты кеңейте түстік. 11-тарауды қайта құрастырып, далалық зерттеудің ерекшеліктері жөнінде кеңірек әңгімелеуге тырыстық. 14-тарауда бағалау зерттеуін пысықтау барысында интеграцияланып отырған жаңа түбегейлі зерттеу мысалын қостық.

Өзге де келелі өзгерістер:

Тараудың жаңа бөлімдері мен шағын бөлімдер. 2-тарауда ғылымға қатысты сыни талқылауды кеңейтіп, әлеуметтік «ғылымның» жаратылыстану ғылымдары моделіне қатысты сапалық зерттеушілердің эпистемологиялық мәселелерін қостық. 3-тарауға гомосексуал және гетеросексуал ата-ана болу әсері туралы зерттеулер талдауы жазылған «Жеке құндылықтарды басқару» қосалқы бөлімін қосу арқылы әлеуметтік ғылымдардағы құндылық туралы бөлімді кеңейттік. 12-тарауға «Big Data», 17-тарауға «Зерттеу мақаласын жариялау» атты жаңа бөлімдер қостық.

Тарауларды қайта құру. Әлеуметтік зерттеудегі негізгі тәсілдерді жазуда бірізділікті сақтау үшін сауалнама қолданысы мен шектеулері (9-тарау), далалық зерттеу (11-тарау) және қолда бар деректі зерттеуді (12-тарау) пысықтауды тиісті тарау соңына жылжыттық. Үш тарау да негізгі ерекшеліктерді сипаттаудан басталып, тәсілді жүзеге асыру кезеңдеріне өтіп, күшті және осал тұстарын айқындаумен аяқталады.

Әлеуметтік зерттеудің жаңа қызықты да нақты мысалдары. Бірінші басылымнан бері студент қызықты деп тауып, өз өміріне қатысты көретін әлеуметтік зерттеудің нақты үлгісі ретінде мұқият таңдалған түрлі эмпирикалық зерттеу тәсілдердің маңызды бөлігі болып келеді. Сондықтан әр басылымға жаңа зерттеулер қосып, уақыт көшінен қалып бара жатқан немесе жас оқырманға бейтаныс тақырыптарды алмастырдық. Осы басылымға енген жиырмаға жуық жаңа эмпирикалық зерттеу арасында гейлердің жұмыста дискриминацияға ұшырауын аудит зерттеу, балалардың сурет кітабында ана мен әке рөлдерінің бейнелеуіндегі өзгерістердің контент-анализі, бастауыш мектептегі балалардың көмек сұрау мінез-құлқы туралы далалық зерттеу, «Қылмыстық топқа қарсы тұруды оқыту және үйрету» бағдарламасын бағалау зерттеуі, сондай-ақ алкоголь тұтыну мен лекция барысында ұйықтап отыру әсерінің сандық (пат) талдауы бар.

Бұл өзгерістер әдіснамадағы соңғы жетістіктерді бұрынғыдан да түсініктірек тілмен жеткізіп, кітап мазмұнын жақсарта түскеніне сенеміз.

АЛҒЫС

«Әлеуметтік зерттеу әдістері» кітабы қырық жыл бұрын жазылып, үздіксіз жаңартылып келеді. Сол аралықта кітапты жетілдіруге бірқатар тұлғалардың көмегі тиді. Шын ниетпен көмектескен жандарды толық тізіп шығу мүмкін емес, бірақ бірнеше адамды айрықша атап өткім келеді. Жобаны бастаған және алғашқы авторларының бірі болған Элизабеттаун колледжінің құрметті проректоры Рон Макалистер болды. Оның әріптестерінің Маргарэт Миллер Кларк та бірінші басылымға зор үлес қосты. Холи Кросс колледжі және Санта-Барбарадағы Калифорния университетіндегі әріптестеріміз бен студенттерімізге идеялары мен қолдауы үшін алғыс айтамыз. «Әлеуметтік зерттеу процесі» кітабының тең авторы Холи Кросс колледжінің ұстазы Джефф Диксонмен бірге жұмыс істеудің осы басылымға тиген пайдасы орасан зор болды, ол «Әлеуметтік зерттеу әдістері» кітабын жетілдіру идеясына біраз ой қосты.

Зерттеу әдістерін ұзақ уақыт бойы зерттеп жүрген ғалымдар мен оқытушылар тарапынан пайдалы ұсыныстар көптеп түсті. Төртінші басылымнан бері Жалпы әлеуметтік зерттеу тақырыбы Ұлттық пікірді зерттеу орталығының қызметкері Том Смиттің кері байланысы негізінде жетіліп келеді. Кітаптың төртінші басылымын үш оқытушы қарап шықты: Аризона мемлекеттік университетінен Эд Хаккет, Лос-Анджелестегі Калифорния университетінен Меган Суини және Шарлоттағы Солтүстік Каролина университетінен Майкл Тернер. Бесінші басылымға төрт техникалық редактор атсалысты: Теннесси университетінен Стефани Бохон, Пенсильвания университетінен Кристен Харкнетт, Виттенбург университетінен Катлин Варберг және Оңтүстік Каролина университетінен Кен Уоткинс.

Алтыншы басылымның техникалық редакторларына алғысымыз зор:

Эмили Барман, Бостон университеті
 Кебба Дарбо, Манкейтодағы Миннесота мемлекеттік университеті;
 Барбара Харт, Тайлердегі Техас университеті;
 Линдси А. Харвелл, Джеймс Мэдисон университеті;
 Терренс Д. Хилл, Аризона университеті;
 Налин Жохри, Сетон-Холл университеті;
 Хисако Матцуо, Сейнт-Луис университеті;
 Джонатан Матусиц, Орталық Флорида университеті;
 Закари Нил, Мичиган мемлекеттік университеті;
 Джейсон Родригес, Бостондағы Массачусетс университеті;
 Эрин Руел, Джорджия мемлекеттік университеті;
 Ивон Виссинг, Салем мемлекеттік университеті.